

УДК: 37.0

**Профессор Н.Торманов., доцент Мәутенбаев А.Ә., магистрант  
Болатбек Зәбира.**

## **ЖАСТАРҒА ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ.**

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Алматы қаласы

тел.: (8-727-3773330,3773606); e-mail: Nurtay.Tormanov@kaznu.kz.

Өткен ғасырдағы педагогика тарихына көз жіберсек, әл-Фараби, Ибн Сина, Фердауси, Ж.Баласағұн, Я.Коменский, И.Г.Песталоций, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов, Л.Н.Толстой, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сияқты ойшыл-оқымысты ғалымдардың бірде-бірі тәрбие құндылықтарын қалыптастыру мен дамытудың мәні мен маңызына көңіл бөлмей өткен емес.

Мәселен, әл-Фараби философиялық тақырыптарында: “жақсы мінез-құлықпен ақыл біріккенде ғана олар адамшылық қасиеттер болып табылмақ” сондай-ақ “Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы” деп жазса, XVII ғасырда Чех ғалымы Я.А.Коменский өзінің атақты “Ұлы дидактика” атты еңбегінде тұңғыш рет білім беру мен тәрбие ісін біртұтас процесс деп қарау идеясын ұсынды. Ал, тәрбие деген түсінікке келсек, тәрбие дегеніміз адамның өзіне керекті қоғамдық білімнің жиынтығы, тәжірибе мен біліктілік, өмірге даярлық, қоғамда қалыптасқан тәртіп пен ережелерді сақтау, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, әлеуметтік институттармен тығыз байланыста болу.

Тәрбиенің ерекшелігі, ол басым бағыттардың бірі болумен қатар, қоғамның адамдар арқылы жүзеге асатын әлеуметтік функциясының бірі болып табылады.

Тәрбие – адамның тұлғасын қалыптастыру мен жетілдірудің негізгі факторы. Бірақ оның әсері көп нәрсеге қатысты болады да, әркімге түрліше әсер етеді. Қазіргі педагогика адамды қалыптастыру мен жетілдіріде тәрбиенің жетекші әрі шешуші рөлін әлеуметтік ортаның жағдайына байланыстыра қарайды. Әлеуметтік жағдай адамның дарынын, талантын ашуға, оны жетілдіре түсуге мүмкіндік жасайтын болса, онда тәрбиеге баса назар аударылады.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамытудағы толыққанды, парасатты, дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер азаматтың бейнесін қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгі ықпалы – тұлғаның жалпы бағытын қамтуы, оның рухани талап-тілегін қанағаттандыру. Талап, тілектер адамгершілік, ізгілік ниетте болса, солғұрлым тәрбиенің мәні де ашыла түседі. Балалар мен жас өспірімдер психологиясын зеріктеу нәтижесінде тұлға санасындағы

бағыттылық пен мақсатымен оның іс-әрекетінің мақсаттылығына да байланысты екені анықталды. Ғылыми дүние таным мен қоғамдық моральді игерген жандар өмірлік мақсатына, іс-әрекетіне сенімді болып, өздерін жақсы жағынан көрсете алады. Жастардың жоғары қоғамдық-саяси белсенділігі әлеуметтік сенімділік деңгейіне байланысты. Оларға ұжымшылдық, жауапкершілік, оқуға, білімге ұмтылушылық, байсалдылық, қарапайымдылық, ерік-жігердің мұқалмастығы, күш-қуаттылық сапалары тән. Оқушылардың қоғамдық бағыт-бағдары эмоционалдық көіл-күй мен оқу процесінде аңғарылады. Бұдан әлеуметтік тұлғаны тәрбиелеу олардың ғылыми дүниетанымы және моральдық санасына ғана емес, сонымен қатар, олардың іс-әрекетіне де байланысты екенін көреміз.

Тәрбие туралы ілімдер кісілік тұлғаның пайда болу, қалыптасу, олардың түрлі өзгерістерге ұшырауы және тәрбие ықпалының нәтижесінде мінез құлықтың өзгеруін зеріттеп түсіндіреді. Бұл ілімдердің негізін тұлғаның дамуы туралы теориялар, әлеуметтік және жас шақтары психологиялары құрайды. Тұлғаның дамуы мен тәрбиесі туралы ежелден келе жатқан екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі биологиялық екіншісі әлеуметтік бағыт. Биологиялық ұстанымдағылар адамның кісілік қасиеттері негізінен ұрпақтан ұрпаққа тұқым қуалау жолымен дариды, ал оларға өмірдің шарттары мен жағдайы елеулі әсер етпейді деп түсіндіреді. Бұл жолды құптаушылар ХІХ ғ. өмір сүрген атақты неміс биологы Э.Геккельдің биогенетикалық заңына сүйенеді. Ол теория бойынша адамның жеке өмірі адамзам тарихын қысқаша қайталау болып табылады, яғни онтогенез филогенездің қысқаша қайталануы болып табылады.

Ол былайша мысал келтіреді: бала алғашқы алты айлығында сүт қоректілердің өмірін қайталайды, екінші жарты жылдықта маймылдың, сәбилік шағында көне дәуір адамдарының, мектеп алды кезінде алғашқы адамзат қауымының өмірін қайталайды мыс.

Бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап адамзат мәдениетін игере бастайды: бастауыш мектепте антикалық дәуір мәдениетін, жасөспірім кезінде орта ғасырлар мәдениетін, жоғары сынып оқушылары жаңа дәуір мәдениетін игермек. Бұл теория тұлға тәрбиесінде енжарлық танытады, бала тәрбиесінің рөлін төмендетеді. Адамзат қоғамында жікшілдік тудырып, оларды нәсілдік, ұлыттық, таптық топтарға бөліп олардың өзара теңсіздігін көрсетеді. Қазіргі заманда бұл ілімді насихаттаушылар жоқтың қасы.

Ал тәрбие теориясының екінші жолын құптаушы әлеуметтік бағыттағылардың ұстанымы биологиялық ұстанымдағыларға қарама қарсы.

Бұл көзқарасты жақтаушылар оқыту мен тәрбие арқылы балалардың бойына кез келген психикалық қасиеттерді сіңіріп, шыңдап, оларды ойлаған дәреженің бәріне жеткізуге болады дейді. Ол балалардың табиғи қасиеттеріне, ата тегіне тәуелді емес деп есептейді. Бұл теорияның негізін қалаушы ХVІғ. өмір сүрген ағылшын философы Джон Локк. Оның ілімі бойынша бала ана құрсағынан дүниеге ақ қағаздай болып келеді, оның бойында ата анадан жұққан еш қасиет жоқ, оны өмірде қалай етіп тәрбиелесе, солай болып

қалыптасады дейді. Яғни, болашақ тұлғаның қалай болмағы, тек тәрбиеге ғана байланысты.

Көптеген оқымыстылар жоғарда аталған теориялардың орталық ара қатынасын ұстанады. Олар кісілік қасиеттердің қалыптасуын биологиялық соның ішінде генотиптік және әлеуметтік факторлардың әсерінен болады деп есептеп, дегенмен тәрбиенің рөлін жоғары бағалайды.

Қалай болған күндеде, адамның кісі болып, тұлға болып кемелденуіндегі ең басты нәрсе ол адамның өзін өзі тәрбиелеуіндегі белсенділігі. Адам есейген сайын, өмірлік тәжірибесі молайған сайын өзінің арықарай дамып өсуі жөнінде тікелей өзі шешімдер қабылдауға қабілетті болмақ. Бұл тұста шешуші рөл адамның өмір сүру қалпына, салтына байланысты болады.

Сонымен жоғарда айтылған қағидаларды қорыта келе түйіндейтініміз : адамның психикасы мен санасының дамуының, тұлға болып қалыптасуының төмендегідей Үш шарты болатындығы : тұқым қуалаушылық, қоршаған орта, даму сатыларындағы адамның белсенді әрекеттері мен өзін-өзі тәрбиелеуі.

Қазіргі мектептерде адамгершілік тәрбиесінің мазмұны жалпы адам құндылығын жоғарылату қажеттігінен көптеген өзгерістерге бетбұрды. Осыдан әрбір оқушыға төмендегілердің маңыздылығын түсіндіру керек: бірінші, адамға ең қымбат - өмір; екінші, балалар - өмір жалғасы; үшінші, тәртіптілікпен байланысқан еркіндік; төртінші, отансүйгіштік (патриотизм); бесінші, ұлтжандылық; алтыншы, интернационализм; жетінші, борыш, ар-намыс, тәртіп сақтау, кішіпейілдік т.б.

Осындай адамгершілік білімдер балаңыз өмір тәжірибесіне өтіп, ой толғанысына еніп, тәрбиленушілердің өзіндік талқы сарабына түскен болса ғана адамгершілік нанымдар дәрежесіне көтеріледі.

Жастарға тәрбие беруде халықтық педагогикаға жүгінсек, тәрбие – үйрету, баулу, талпындыру жолы болса, халық білімі – ойлау, зерделеу және таным құралы болған. Тәлім– тәрбие үрдістері отбасылық дәстүрлерден тұрмыс-тіршіліктің өзегіне айналған: миды күтіп баптау, егін егу, кесте тігу, жіп иіру, өрнек тоқу, киз басу- баланы еңбек тәрбиесіне баулу; Ән салу, домбыра тарту, би билеу, өлең шғару, батырлар жырын жаттау т.б. эстетикалық тәрбиеге; Аңшылық пен саятшылық салттары, мал өрісінің ережесін сақтау мен халықтың табиғатты қорғау дәстүрлері – экологиялық тәрбиеге; Ат құлағында ойнап, соғыс өнерлерін меңгеру – дене тәрбиесіне; Әдет-ғұрыптарды сақтау мен қастерлеу – адамгершілік және имандылық тәрбиесіне ұласып, ұлыттық тәлім-тәрбиенің біртұтас этнокомплекстік жүйесін қалыптастырған.

Қазақ отбасында тәрбие ісі жөнінде ғалым Ш.Ахметовтың зеріттеулерінде негізінен басты басты сегіз түрлі мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әке шеше баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, олар баланы қайрымды, иманды, мейрімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға тәрбиелеген. Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қариялардың сөзін

тыңдап, «ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол» дегенді бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, Үлкенді, ата ананы силап, Құрметтеуді ең басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі абыройын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тиігізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе мүгедек адамдарды. Сегізіншіден, ел қорғаны бола біл, халыққа қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді ерінбей жалықпай айтып қана қоймай, Үлгі өнеге көрсетіп отырған.

Халықтық педагогиканың әр түрлі жақтарын сөз еткенімізде, алдымен дене тәрбиесін бірінші орынға қоюдың өзіндік себеп, дәлелдері бар. Өйткені, адам баласы алғаш дүниеге келген күннен бастап дене тәрбиесі қолға алынады, содан кейін біртіндеп еңбекке, ойынға үйрету тәрбиесі жүргізіледі. Ақыл ой сол еңбектің нәтижесінде қалыптасып дамиды. Ал, адамгершілік тәрбиесі баланың сана сезімі ойанған кезде жүргізілетін тәрбиенің жиынтығы спеттес.

Бүгінгі таңда педагогикалық технология білім беру жүйелерінің барлық саласында, әсіресе, тәрбие жұмыстарына да енгізілуде, дегенмен, оқыту технологияларын таңдау мен дұрыс пайдалануды, әдетте, қиындықтар туындайтындығы-шындық.

Сондықтан да оқыту технологиясын тиімді енгізу үшін қазіргі кездегі барлық педагогикалық технологияларды зерттеп, оларды жүйелеп, ғылыми негіздерін анық білу қажет. Әр мұғалім қазіргі кездегі оқыту технологияларын пайдалану арқылы өткізілетін сабақтың оқушының білім алуына тиімді екендігін түсіну тиіс. Бүкіл материалды толық білгізіп шығарудың мүмкін еместігін түсініп, оны игерудің жолдарын көрсетудің қажеттілігіне көңіл аудару аса маңызды.

Педагогикалық технология ұғымына соңғы уақытта көптеген анықтамалар берілген. Белгілі ғалымдардың осы терминге берген анықтамалары төмендегідей:

Педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара, инструментальдық және методологиялық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді.

Педагогикалық технология бүкіл оқу процесін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі. Білімді, адами және техникалық ресурстарды ескере отырып, білім берудің ең тиімлі әдістеріне жету мақсатындағы іс-шаралар болып табылады. Сондықтанда ол оқу процесімен, яғни мұғалім мен оқуші іс-әрекетімен, оның құрылысымен, құралдарымен, әдістері және түрлерімен түбегейлі байланысты.

Педагогикалық технология жайлы анықтамаларды алуан тұрғыдан талдау нәтижесі олардың көшілігінің жалпы қорытынды түрінде берілгенін көрсетеді. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде «Педагогикалық технология» ұғымын қолдану барысында түсіндірілетін оқыту теориясы, оқыту әдістері, оқыту технологиясы, оқыту әдістемесі сияқты ұғымдар балама ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда педагогикалық технологияларды жіктеудің бірнеше түрі бар. Бірақ, оқыту технологиясының нақтылы жіктемесі жоқ, өйткені мұнда дидактикалық құбылыстың күрделілігі мен көп аспектілігі басым.

Енді педагогикалық технологияларды жіктеудегі кейбір авторлардың көзқарастарын қарастырайық: Я.Савельев білім беру технологиясының мынадай жіктелуін ұсынады:

- Қызметтің бағыты бойынша (оқушылар, студенттер, оқытушылар және т.б).
- Оқыту мақсаты бойынша (гуманитарлық, жаратылыстану, техникалық пәндер, т.б ).
- Қолданылатын техникалық құралдар бойынша (аудиокөру, компьютерлік, видеокомпьютерлік және т.б).
- Оқу процесін ұйымдастыру бойынша (жекеше, ұжымдық, аралас).
- Әдістемелік тапсырмалар бойынша (бір пәннің технологиясы, құралдары, әдісі) .

Н.В. Бордовская, А.А.Реан бойынша былай жіктеледі:

- Құрлымдық-логикалық оқыту технологиясы.
- Ойын технологиясы.
- Диалогтық технология.
- Компьютерлік технология.
- Тренингтік технология.

Педагогика ғылымы мен практикасында белгілі технологияларды жалпы түрде Г.К.Селевко топтастырды. Осы жіктелу педагогикалық технология туралы турулы түсінігіміздің айқындала және кеңейе түсуіне мүмкіндік берді.

Оқушы әрекетін жандандыру және жетілдіру негізіндегі оқыту технологиясы:

- Ойын-сабақ технологиясы;
- Проблемалық оқыту;
- Модульдік оқыту;
- В.Ф.Шаталовтың тірек сызба нұсқалық оқыту технологиясы;
- Е.И.Пассовтың коммуникативтік оқыту жүйесі.

Қазіргі кезде жиі қолданып жүрген педагогикалық технологиялар төмендегідей бірнеше түрлі.

Бірақ, адам тәрбиелеу технологиясының өзіндік ерекшеліктері болатынын ескеру қажет. Өндірістегі қарапайым да анық жұмыс барысына қарағанда оқу орындарындағы технологияның күтілмеген күрделі жәйіттері мен белгілері санқылы, олар:

1. Тәрбие процесінің өндірістік процестен айырма-шылығы оның біртұтас болуында. Тәрбие процесін жеке операцияларға, бөліп-жаруға, жеке қасиеттер қалыптастырып, педагогикалық ықпалдарды кішігірім қадамдар ретінде іске асыру қиынға соғады. Тәрбиелік ықпал бірізді, параллель схемада емес, комплекс түрде орындалады.

2. Сапаларды қалыптастыру әдістемесін, яғни «технологиялық операцияларды» игеруші тұлғаларды тәрбиеге тарту мәселесін өте байыппен,

салмақты шешу керек. Тәрбиеші алдында технологиялық процесті басынан аяғына дейін жүргізу қажеттілігі тұрады, яғни тәрбие жалпы технологияға негізделген жеке шеберлікпен ұштасады.

3. Тәрбие технологиясы барлық тәрбиешілерге ортақ, ол тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, оны дамыту жолындағы барша кезендерімен толық қабылдануы тиіс. Оларды анықтап, нәтижеге жету бағыт-бағдарын көрсету педагогика ғылымының міндеті.

Қазіргі тәрбие технологиясы комплексті бағыт мәселесін шеше отырып мынадай талаптарды орындайды:

1. Тәрбиеленушілерге үш бағытта, яғни санасына, сезіміне және қылықтарына әсер ету.

2. Тәрбие және өзіндік тәрбие бірігуі арқылы дұрыс нәтижеге қол жеткізу.

3. Тәрбиеге қатысты барлық факторлардың бірлігі мен реттелуі – тәрбиеге комплексті түрде қараудың кезек күттірмес шарты.

4. Тұлғада берілген қасиеттер тәрбие істерінің жүйесі арқылы қалыптасады. Бұл істер бір арнаға бағытталып, процестегі ой, дене, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбие міндеттерінің бір мезетте орындалуын талап ететін нақты комплексті сипатта болуы қажет.

Тәрбиеге комплексті қарау тәрбие процесінің және оны басқарудың жүйелілігін талап етеді. Тәрбиедегі сыртқы және ішкі факторлар мен олардың өзара байланысын ескермей тұрып, басқару табысты болмайды. Ол үшін бұл факторлар мен олардың әсер ету сипаты туралы педагог-тың айқын түсінігі болуы шарт.

Тәрбие комплекстігінің маңызды шарты – тәрбие мақсаттарының, мазмұнының, формалары мен әдістерінің бірлігі. Мұндай бірлікке келген ой мен әрекеттің қара-қарсылықсыз орындалуы және алға қойған мақсат, міндеттің нәтижелерімен сәйкес келуі комплекстіліктің жоғары деңгейде іске асқаны.

Оқушыларға тәрбие берудің заманауи технологиясы ең алғаш рет XX ғ 70 жылдары АҚШ, Англия, Испания, Жапониядан бастау алып, дүние жүзіндегі басқа мемлекеттерге тарала бастады. Осындай жаңа әдістің оқу тәрбие беру үрдісіне ауқымды таралуының басты себебі: білім беру процесіне бағдарламалық оқыту әдісінің енуі.

Сонымен технология деген түсінікке оқу тәрбие процесіне қолдану жәйлі анықтама берер болсақ оның басты мәні білім берудің әдіс тәсілдерін пайдалана отырып оқушының танымдылық, білімділік, біліктілік, қасиетін қалыптастыру. Бірақ, педагогикалық технология деген түсініктің мәні осы уақытқа дейін толық анықталған жоқ. Педагогикалық технология дегеніміз мұғалымнің алдына қойған мақсатына жүйелі және белгілі ретпен әртүрлі әдіс тәсілдерді пайдалана отырып жеке тұлғаны қалыптастырау мақсатына жету(М.В Кларин ).

Технологиялық әдісті тәлім тәрбие үрдісіне пайдалану: тәрбие беру дегеніміз өте күрделі процесс. Ол мұғалім мен оқушының алдына қойған

мақсатын іске асырудағы өзара іс әрекеті. Жоғарда көрсетілгендей тәлім тәрбие берудің табысты болуы көптеген факторларға тәуелді, соның ішінде ең маңыздысы мұғалым мен тәрбиеленушінің арасындағы қарым-қатынас. Сондықтанда тәлім-тәрбие үрдісін іске асыруда екі жақтың бірігіп оның жеке-жеке деталдарына терең және жан-жақты талдау жасай отырып, оның үлгісін қалыптастыру. Сондағана тәрбиеленуші мен тәрбие беруші алдына қойған мақсатына толық жете алады. Тәлім-тәрбие жұмысының тиімділігі көп жағдайларда педагогикалық ортаға байланысты болады. Былайша айтқанда педагогикалық орта және шарттарға байланысты. Педагогикалық шарт және оның табысты іске асырылуы бәрінен бұрын педагогтың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Бұл деген оның мәдениеттілігі, жеке тұлғалық қасиеті, өзінің мамандығына деген қызығушылығы, білімдарлығы т.б.

Педагогикалық технологияның тәрбие берудегі маңыздылығының екінші жағы сыныптағы жалпы психологиялық атмосфера және материалдық базасы сонымен қатар тәрбие беру әдістерінің басты сипаты – мұғалімнің оқушыға деген көзқарасы, қатынасы, жақша ынтымақтастық, өз-өзін еркін ұстау. Тәлім тәрбие жұмысын дұрыс іске асыру үшін әрбір ұстаз педагогикалық теорияны психологияны және тәлім тәрбие үрдісінің әдістерін жақсы меңгеруі тиіс. Сондықтан педагог-технологқа ерекше маңызды талап – психологиялық диагностика жасауда оның білімі, біліктілігі, шеберлігі яғни диагностикалық мәдениеті алдын ала болжау қаблеті. Сонымен педагогикалық д бойынша мақсаты анықталғаннан іске асу жоспары қалыптақаннан, кейін жеке тұлғаның сапалық деңгейіне алдын ала баға берілі тиіс. Искерлігі, ұқыптығы, тәртібі және білімділігі адаммен қарым қатынасы өзін-өзі тәрбиелеу қаблеті т.б.

Осылайша елімізде педагогика ғылымның теориясы мен практикасында оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі жаппай біркелкі біртіндеп өзгеріп өртүрлі нысандардағы мектептермен авторлық жобалар пайда бола бастады солардың ішінде жаңа педагогикалық технологиялар қазіргі заман талабын қанағаттандырылатын бағытқа қарай өзгереді.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер тек педагогикалық технология теориясына ғана емес, практикасына да түзету енгізеді. Теория практикасыз ешнәрсені өзгерте алмайды. Теорияның практикалық күшімен энергиясы болады, алайда ол практика жүзінде пайдалана алатын адамдардың санасымен қабылданғанда ғана материалдық көрініс береді. Сонда ғана теория адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, практиканың бағыттаушысы мен реттеушісі рөліне ие бола алады.

Ал теория практикаға технологиялық процесстер арқылы ғана ене алады. Технологиялық процесстер нәтижесінде ғылыми теория мақсатты түрде практикалық жүйеге ене алады. Міне, сондықтан дәстүрлі жүйедегі теория мен практика алшақтығы нақты теория мен технологияның қолданбалы маңызға ие болмауынан дерек береді. Осы алшақтықты жою мақсатында қазіргі кезде педагогикада технологияландыру процесінде қызығушылық туындап отыр. Жаңа мазмұн, жаңа әдіс, жаңа қарым-қатынас негізінде білім беру ісі жаңа

мәнге ие болады. Осылайша өмірге білім берудің жаңа парадигмасы лайықты ауқымда және деңгейде іске асырылатын болады.

#### ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

Профессор Н.Торманов	
өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	
Биология ғылымының кандидаты, профессор	
Алматы, өл-Фараби даңғылы №71	
тел.: (8-727-3773330,3773606)	
e-mail: Nurtau.Tormanov@kaznu.kz.	
Жастарға тәлім-тәрбие берудегі педагогикалық технологияны қолдану.	
б-секция	
Міндетті түрде қатысамыз.	
Қонақ үй керек.	

#### ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

Доцент Мәутенбаев А.Ә.	
өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	
Биология ғылымының кандидаты, доцент	
Алматы, өл-Фараби даңғылы №71	
тел.: (8-727-3773330,3773606)	
e-mail: askapa@ Rambler.ru	
Жастарға тәлім-тәрбие берудегі педагогикалық технологияны қолдану.	
б-секция	
Міндетті түрде қатысамыз.	
Қонақ үй керек.	

#### ТІРКЕУ ФОРМАСЫ

Магистрант Болатбек Зәбира.	
өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті	
магистрант	



Алматы, Әл-Фараби даңғылы №71	
тел.: (8-727-3773330,3773606)	
e-mail: zabyra.bolatbek@kaznu.kz.	
Жастарға тәлім-тәрбие берудегі педагогикалық технологияны Қолдану.	
6-секция	
Міндетті түрде қатысамыз.	
Қонақ үй керек.	